

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2000 жылғы 3 сәуірдегі № 174 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2013 жылғы 5 қаңтардағы № 7 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 115-117-баптарына сәйкес 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қоғамдық сектордың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және есептеу әдісіне сәйкес әзірленген мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп беру мен қаржылық есептілік жүргізуге көшуге байланысты

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Қазақстан Республикасының ПМ жүйесінің республикалық және жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерінде бухгалтерлік есеп жүргізу туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 3 сәуірдегі № 174 (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2000 жылғы 17 сәуірде № 1112 болып тіркелді) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Бұйрық ішкі істер органдарының барлық ведомстволық бағынысты бөліністеріне ж е т к і з і л с і н .

3. ПМ Қаржымен қамтамасыз ету департаменті (Б.Ш. Исенова) бір апта мерзімде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын.

4. Осы бұйрық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін атқарушы*  
*полиция генерал-майоры* *М.Демеуов*